

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Стандарттау, сертификаттау және машина жасау технологиясы кафедрасы

Тулепберген Алтай Баубекулы

«Вариатор шығаратын механикалық құрастыру учаскесін, төлке тетігін өңдеу технологиясын жобалау. N=5000 дана»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B071200 – «Машина жасау» мамандығы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Стандарттау, сертификаттау және машина жасау технология кафедрасы


ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

техн. ғылым канд-ты, доцент

А.Т.Альпеисов

«13» _____ 2019ж.



Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Вариатор шығаратын механикалық құрастыру учаскесін, төлке тетігін өңдеу технологиясын жобалау. N=5000 дана».

5B071200 – «Машина жасау»

Орындаған

Тулепберген Алтай

Пікір беруші

Инженер-конструктор, бас маман

Ғылыми жетекші

Тех. ғылымдарының магистрі,

тьютор

Ж.Н.Абілқайыр

«16» 05 2019ж.

И.М Дюсебаев

«13» 05 2019ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты


Стандарттау, сертификаттау және машина жасау технологиясы кафедрасы

5B071200 – «Машина жасау»

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

техн. ғылым канд-ты, доцент

 А.Т.Альпеисов

« 06 » 11 2019ж.

Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы Тулепберген Алтай Баубекулы

Тақырыбы: «Вариатор шығаратын механикалық құрастыру учаскесін, төлке тетігін өңдеу технологиясын жобалау. N=5000 дана».

Университет ректорының «06» қараша 2018ж. №1252-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «15» мамыр 2019ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері бұйымның құрастыру сызбасы, тетіктің жұмысшы сызбасы, маршруттық – операциялық карталар, тетіктің жылдық шығару бағдарламасы, дипломдық жоба алдындағы практиканың мәліметтері, тетіктің техникалық сипаттамасы

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) бұйымның құрастыру технологиясы;

б) төлкенің дайындамасының және тетіктің жұмыс сызбасы;

в) фрезерлеу станогының қондырғысын жобалау;

г) ұйымдастыру бөлімі;

д) қауіпсіздік және еңбек қорғау бөлімі;

Сызбалық материалдардың тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

бұйымның құрастыру сызбасы – А1; бұйымның жинақтау сызбасы – А3;

тетіктің жұмысшы сызбасы – А1; технологиялық баптаулар – 2А1 ;

фрезерлеу станогының қондырғысының сызбасы– А3; механикалық құрастыру бөлімінің жоспары – А2.


Ұсынылатын негізгі әдебиет атау.


Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ


Бөлім атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Технологиялық бөлімі	11.02.19 - 17.02.19	Орындау
Ұйымдастыру бөлімі	18.03.19 - 24.03.19	Орындау
Конструкторлық бөлімі	15.04.19 - 25.04.19	Орындау.

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған

қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Норма бақылау	Жанкелді Ә.Ж. Тех.ҒЫЛЫМ магистрі, тьютор	13.05.19	

Ғылыми жетекші  Ж.Н.Абілқайыр

Тапсырманы орындауға алған білім алушы  А.Б. Тулепберген

Күні

«05» 02 2019 ж.

АҢДАТПА

Берілген жоба төлкені шығарудың технологиялық үрдісін жасауға арналған. Жобаның құрамына келесі бөлімдер кіреді: кесу режимдерін есептеу, тетікті өңдеуге қажетті әдістерді есептеу, технологиялық үрдісті нормалау және төлкені шығару еңбек сыйымдылығын анықтау сияқты бөлімшілер кіретін технологиялық бөлім; қондырғының дәлдікке және беріктілікке есептеуін қамтитын конструкторлық бөлім; қорытынды.

Дипломдық жоба құрсаманы жасаудың технологиялық үрдісінің барлық кезеңдерін қамтиды.

АННОТАЦИЯ

Данный проект посвящен разработке технологического процесса изготовления детали – втулки. Проект содержит разделы: технологическая часть, включающая расчеты режимов резания, расчет припусков на обработку детали, нормирование технологического процесса и определение трудоемкости изготовления втулки; конструкторская часть, включающая расчет приспособления на точность и прочностной расчет; заключение.

Дипломный проект охватывает все стадии проектирования технологического процесса изготовления детали – втулки.

ANNOTATION

This project is devoted to the development of the technological process of manufacturing parts – bushings. The project includes: engineering, including calculations of cutting parameters, calculation of allowances for processing details, the normalization process and the definition of the complexity of manufacturing bushings; design part, including calculation devices for precision and strength calculation of the; conclusion.

Diploma project covers all stages of the design process of manufacturing parts – bushings.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	7
1 Технологиялық бөлім	8
1.1 Бұйымның, тетіктін немесе құрылымдық бірліктің сипаттамасы	8
1.2 Тетіктің технологиялық анализі	9
1.3 Өндіріс типін таңдауының негіздемесі	10
1.4 Бір жылда әзірленетін тетіктер санын анықтау	11
1.5 Дайындаманы алуды анықтау	11
1.6 Бұйымды өңдеу операциясы кезіндегі технологиялық базаларды анықтау	12
1.7 Механикалық өңдеу операциясы кезіндегі әдіпті есептеу	13
1.8 Кесу режимі мен машиналық уақытты есептеу	15
1.9 Техникалық уақыт нормасын есептеу	23
2 Конструкторлық бөлім	26
2.1 Қондырманың сипаты мен есебі	26
3 Ұйымдастыру бөлімі	28
3.1 Өндірістің негізгі жабдықтар санын анықтау	28
3.2 Цех жұмысшыларының санымен құрамын анықтау	29
3.3 Механикалық бөлімнің ауданын анықтау	30
3.4 Механикалық бөлімінің көмекші бөлігінің ауданын анықтау	31
3.5 Материалдар мен дайындамаларды сақтайтын қойманың ауданын анықтау	31
3.6 Құрал – жабдық қаймасының ауданын анықтау	32
3.7 Құрастыру стендінің санын анықтау	32
3.8 Құрастыру бөлімінің ауданын есептеу	32
3.9 Механикалық құрастыру бөліміндегі жұмысшылар санын анықтау	33
3.10 Қызымет көрсету мекемесін жобалау	34
ҚОРЫТЫНДЫ	35
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	36
ҚОСЫМША	37

КІРІСПЕ

Қазіргі еліміздің бетбұрыс дәуіріндегі ғылыми-техникалық прогресстің басым бағыттарының алдына қойған негізгі мәселелері мейлінше жаңа технологиялық процестер мен операциялар ашу және халық шаруашылығындағы осы уақытқа дейінгі ашылған, пайдаланылып келе жатқан технологиялық процестер мен операцияларды ұтымды қолдану болып отыр.

Бұл мәселенің көкейкесті мақсаттары мынандай:

- елімізде шығаратын өндірістік бұйымдардың сапасынан арттыру немесе соларға пара-пар етіп шығару;
- бұйымдарды шығаратын өндірістің экологиялық тазалықты сақтауы және өндірістің қауіпсіз жағдайда қызмет етуі;
- өндірісті барынша ынталандырып, жоғары сапалы өнімдер алу;
- бағдарламамен басқарылатын станоктарды пайдалану;
- бұйымдар шығаратын өндірістің ресурс сыйымдылығын, шығынын (еңбекке, материалдарға, энергияға, негізгі қорларға, өндіріске жұмсалған қаржыға кететін және т.б.) азайту.

Машина жасауда прогресті конструкциялық материалдарды, оның ішінде: қоспасы аз прокатты, иілген, фасонды және дәлме-дәл профильдерді, металл ұнтақтарын, композициялық материалдар мен пластмассаларды қолдануды кеңінен енгізу.

Машина жасау кешенінің бағыттарына орай, станок жасау аспап өнеркәсібінің даму өзгешеліктеріне де тоқталған жөн.

Бұл арада шығарылатын жабдықтың құрылымы жетілдіріліп, тиімді ұста пресс, металл жонатын, құю және ағаш өңдеу жабдығының жаңа түрлерін дайындау елеулі түрде ұлғайтылуы тиіс.

Машина жасауда өндірісті комплексті автоматтандыруға арналған машиналар мен қазіргі сенімді де эффективті жаңа жүйелер құрылып, игерілді. Бұл қолдың күшімен аз қажет етіп, жоғары сапалы өнім алуға мүмкіндік береді. Алдыңғы қатарлы технология мен кешеннің механикалау процесін және металл кескіш станоктарды өндіру процесін жобалау мен еңгізу эффективтілігі өндірітің кең дамыған мамандырылуы арқылы қамтамасыз етіледі.

Біздің тұрмыстағы станоктардың артықшылығы автоматты линия түзу мүмкіндігінде. Металл кескіш станоктар – жаңартылған машина, құрал – саймандар және басқа да заттарды өндіруге арналған зауыт жабдықтарының негізгі түрі.

Өнірістік процестерді жобалаудың инженерлік әдістерін толықтай игере алатын маман кадырлерді даярлауда осы мәселердің барлығын жолға қойудың маңыздылығы зор. Осыған орай жоғарғы оқу орындарының оқу процесінде студенттер орындайтын машина жасау технологиясы бойынша курстық жобалау сияқты дербес жұмыстарға ерекше мән беріліп, студенттердің курстық жобаны тыңғылықты орындауына баса мән берілуі тиіс.


1 Технологиялық бөлім

1.1 Бұйымның, тетіктің немесе құрылымдық бірліктің сипаттамасы

Вариатор (лат. variātor "өзгертуші") - айналу моментін беретін және кейбір реттеу диапазонында беріліс қатынасын біртіндеп өзгерте алатын құрылғы. Беріліс қатынасын өзгерту автоматты түрде, берілген бағдарлама бойынша немесе қолмен жүргізілуі мүмкін.

Вариатор механизмдерде, машиналарда (агрегаттарда) қолданылады, онда беріліс қатынасын сатылы өзгертуді талап етеді: автомобильдерде, мотороллерлерде, қарда жүргіштерде, квадроциклдерде, конвейерлерде, Металл кескіш станоктарда, араластырғыштарда және т.б. тұрақты құрылғыларда вариаторлардың орнына әдетте реттелетін Электржетек қолданылады. Кейбір нұсқаларда гидротрансформаторлар да қолданылады. Реттеу диапазоны (ең үлкен беріліс санының ең аз санына қатынасы) әдетте 3-6, 10-12 сирек. Вариатор отынды үнемдеуге және жүргізу жайлылығын арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар, ол қарапайым автоматты беріліс қорабына қарағанда өндірісте оңай және арзан. Алайда, автоматты беріліс қорабы нарықты жаулап ала алмады. Вариатор жұмысының ерекшелігі әркім ұнамайды, және-кейде олар сынады.

Вариаторларды шартты түрде екі топқа бөлуге болады: Болат белдігі мен тізбегі. Сатысыз трансмиссияларда гидротрансформатор да бар. Ол ең алдымен орнынан бастау үшін қажет. Бұл қораптарда ілінісу пакеті және екі массалы маховик қолданылады



1-сурет-Вариатор

Вариатор инженерлер әлі де айналып өтпейтін бірқатар елеулі шектеулерге ие. Мысалы, конструктивтік себептер бойынша, шынжыр да, болат белбеу жоғары айналу моментін бере алмайды. Осыған байланысты CVT қолдану аймағы қазіргі уақытта 350-400 Нм деңгейінде қозғалтқыштың ең

жоғары айналу сәтімен шектеледі. Дегенмен, бұл табалдырық көптеген заманауи қозғалтқыштардың көрсеткіштерін жабады.

Төлке материалы ретінде конструкторлық сапалы көміртекті болаттар 35, 40, 45 және легіріленген болаттар 40X, 50X, 40Г2 қолданылады. Тістегергіш білік берік, үйкеліске төзімді болуы тиіс. Сондықтан оларды арнайы термиялық өңдеулер арқылы, қаттылықтарын HB230 – 260 мөлшеріне дейін, ал іске шегулі мойын беттерінің қаттылығын HRC 45 – 50 мөлшеріне дейін жеткізеді.

Берліген тетік МЕСТ 4543 - 81 бойынша 45X легіріленген болат (1.1 кесте) көрсетілген маркасынан жасалады. Бұл болаттың механикалық қасиеті (1 кесте) көрсетілген, соққы жүктеме кезінде жұмыс жасайды. Таңдалған материал беттің жоғары қаттылығы мен илемділігі және де тұтқырлығымен қатар, жоғары дәлдікті қамтамасыз ететін төлке, саусақ, тісті дөңгелек, итергіш, табалдырық және басқа да тетіктерді жасауға арналған.

Легіріленген болаттың химиялық құрамы 1.1 кестеде көрсетілген.

1.1 кесте – Легіріленген болаттың химиялық құрамы

Элемент	C	S	Cu	P	Cr	Mn	Ni	Si
		Кем дегенде						
Құрамы, %	0,38	0.025	0.30	0,25	0,8-1,1	0.5-0.8	0.3	0.17- 0.37

Легіріленген болаттың механикалық қасиеті 1.2 кестеде көрсетілген.

1.2 кесте - Легіріленген болаттың механикалық қасиеті

σ_b - уақытша қарсыласу күші, МПа	$\sigma_{и}$ - иілу кезіндегі беріктік шегі, МПа	F 600/300мм	$\sigma_{сж}$ - қысу кезіндегі беріктік шегі, МПа	Бриннель қаттылығы, НВ
570	315	8/25	700	165...229

1.2 Тетіктің технологиялық анализі

Тетіктің өмірлік циклі төмендегі үрдістермен байланысты, олар: дайындаманы алу, дайындаманы өңдеу, тетікті эксплуатациялау және оның жөнделуі, утилизация.

Тетіктің дайындамасын алудың технологиялығын қарасақ, ең оптималды вариант – соқпа операциясы. Соқпа дегеніміз – қабырғалары шектелген көлемде ішкі құрылысы мен пішіні дайындамаға ұқсас металл қалыптарда қысым арқылы өңдеу. Соқпаның өнімділігі еркін соғудың өнімділігінен бірнеше есе жоғары. Өңделінетін металдың күйіне байланысты штамптау үрдісі үш түрге бөлінеді. Қыздырылған дайындамаларды арнаулы штамптарда өңдеу арқылы штампталған соқпалар алынады. Соқпа дегеніміз екі бөлшектен тұратын белгілі арналары болашақ тетікке ұқсас металл қалып. Соқпа төменгі бөлігі молоттың шоботына немесе престің плитасына бекітіледі.

Ал екінші жартысы жоғары төмен қозғалып тұрады. Соқпа екі бөлігінің қосылған жерінен сығылып, сыртқа шығады. Ал егер материалдың көлемі штамптың ішкі кеңістігінің көлемінен кем болса, онда тетіктің толық жасалмай, жарамсыз тетікке айналады. Ыстық көлемдік штаптауды штаптау молоттарында, престерде, көлденең соғу машиналарында және арнайы мақсатта жасалатын машиналарда өңдейді.

Соқпа молоттары әр түрлі пішінді соқпаларды, негізінен ашық, көп жылғалы штамптарды жасауға арналады.

Соқпа молоттарының негізгі типіне құламалы бөліктерінің массасы 630-25000 кг бу ауа соқпа молоттары жатады. Жұмыс әрекеттеріне қарай олар бу ауа соғу молоттарына ұқсас, тік конструкциялық өзгешелігі бар. Соқпада әдетте 3-5 соққанда ақ дайын болады. Құламалы бөліктерінің салмағы 1000 кг болғанда жасалатын соқпаның орта массасы 0,5-2кг, ал 1000 кг болғанда 40-100 кг тең.

Көлденең соғу машиналарында негізінен фланкалы түтікше, сақина немесе стақан типтес соқпалар соқпаланады. Дайындама ретінде шыбық материал қолданылады. Қолданылатын шыбық материалдарының диаметрі соқпаның диаметрінен аспауы керек. Соқпаның дәлдігі жоғары болғанымен, ол әмбебап емес, әрі өзіндік құны жоғары.

1.3 Өндіріс типін және тетіктер жасаудың ұйымдастыру формасын анықтау

Өндіріс типін МЕСТ 3.1108-74 негізінде бір жұмыс орнының немесе жабдық бірлігінің операция бекіту коэффициентімен сипатталады. Өндіріс типі төмендегі коэффициент арқылы анықталады:

$$K_{з.о} = Q / P_m \quad (1.1)$$

мұндағы: Q – түрлі операциялар саны; Зауыт атынан берілген технологиялық үрдісте 10 операция берілген.

P_m – осы операциялар орындалып жатқан жұмыс орындарының саны;

Операция орындалатын жұмыс орындары: 4 станокта механикалық өңдеулер жүргізілсе, 1 слесарьлік стендісінде қалған операциялар жүзеге асырылады.

Барлығы 5 жұмыс орны белгіленген. Сонда операция бекіту коэффициенті мынаған тең:

$$K_{з.о} = 10 / 5 = 2 \quad (1.2)$$

$1 \leq K_{з.о} \leq 10$ коэффициенті осы аралықта болған кезде өндіріс ірі сериялы өндіріс типіне сай келеді.

Ірі сериялық өндіріс өзінің периодты қайталана отыратын партияларының шектеулі наменклатурасымен сипатталады, және оның шығару көлемі жоғары

болып келеді. Сериялық өндіріс кезінде кеңінен әмбебап станоктар қолданылады, және олар көпшілікте арнайы немесе әмбебап, әмбебапты – құрастырмалы қондырмалармен жарақтанады. Осының барлығының әсерінен өнімнің еңбек сыйымдылығы мен өзіндік құны төмендетілген. Сериялық өндіріс кезінде технологиялық процесс дифференцияланады, яғни өзінді бір операцияларға жіктеледі және олар арнайы әр станоктарда өңделеді.

1.4 Бір жылда әзірленетін тетіктердің санын анықтау

Дипломдық жобалау барысында бізге жылдық бағдарлама берілген. Өндірісте қай кезде болмасын дұрыс емес бөлшектер болуы мүмкін. Сол үшін біз жылдық бағдарламадан (1 - 5) пайыз артық бөлшек дайындауымыз керек.

$$N = m \times N_1 \times (1 + b/100) = 1 \times 5000 \times (1 + 2/100) = 86700 \text{ дана} \quad (1.3)$$

m – бұйымға берілген атаудың бөлшектерінің саны, $m = 1$.

N_1 – бұйымдар шығарудың жылдық бағдарламасы, $N = 5000$ дана

$b = 2\%$ - өңдеу кезіндегі дайындамалардың дұрыс еместігі

1.5 Дайындаманы алуды анықтау

Машина жасау өндірісінде дөңгелекке немесе құрсамаға ұқсас тетіктерді әртүрлі жолдармен алуға болады. Ал, бұл жағдайда, яғни, ірі сериялы өндірісте құрсаманы технологиялық өңдеп алуға керек дайындаманы соғу әдісімен алу керек. Өйткені, дайындаманы алу процесін таңдау серияның масштабына, техникалық талаптарға, материалға, тетіктің конструкциясына және басты себеп экономикалық тиімділігіне байланысты. Осы әдіс негізінде машина жасау саласында дайындама жасаудың соқпа, қақтама, штамптау, ротациялық-соқпа машиналарында қысқалдап өңдеу, электірлік -шөктіру, көлденең-бұрандама әдісімен прокаттау атты технологиялық тәсілдері кең орын алған.

Кішігірім және шағын өндірісте, дайындамаларды ыссықақталған прокатан әзірлейді. Нақтылы тетік жасау үшін, оларды керекті өлшемдерге алдын ала қиып немесе кесіп алады.

Егер құрсама немесе дөңгелек диаметрлерінің айырмалары әжептәуір болса, онда олардың дайындамаларын ротациялық соқпа әдісімен алған жөн. Жаңадан жобаланатын технологиялық процесс үшін дайындама түрлерін таңдауда мына варианттар мүмкін болады:

1. Берілген өндірісте бар әдіске ұқсас дайындама алу әдісі қабылданады.

2. Дайындама алу әдісі өзгереді, алайда бұл жағдай механикалық өңдеудің технологиялық процессінде өзгерістер тудырмайды.

3. Дайындама алу әдісі өзгереді және оның нәтежиесінде бұйымды механикалық өңдеудің бірқатар операциялары едәуір өзгереді.

Бірінші жағдайда анықтама әдебиеттерге сілтеумен шектелсе болғаны, онда осы шарттар үшін бұл ең қолайлы вариант ретінде ұсынылған. Дайындама құны өзгермейтіндіктен, ол бұйымның технологиялық өзіндік құнын анықтауда есептелмейді.

Екінші жағдайда металды өте жақсы пайдаланумен және құнының төмендігімен сипатталатын дайындамалар көбірек ұнайды. Дайындама құнын анықтау методикасы төменде келтіріледі. Дайындаманың құны технологиялық өзіндік құнды есептеуде ескеріледі. Қарастырылған екі жағдайда да дайындаманың түріне қарасты аяқталған шешім қабылдау және процесс вариантының технологиялық өзіндік құнын есептеу мүмкіндігі бар.

Үшінші жағдайда дайындама түрін таңдау жөнділігі туралы мәселе бұйымдардың технологиялық өзіндік құнын салыстыратын варианттар бойынша есептеуден соң шешіле алады. Бұйымдардың өзіндік құны аз болатын дайындамалар ұнайды. Егер салыстыратын варианттардың технологиялық өзіндік құны бойынша тең бағалы болса, - онда материалды пайдалану коэффициенті жоғары байындама варианты ұнамды деп саналуы тиіс.

Мен өз жобалауымда екінші жағдайды таңдадым. Сонда дайындама құны мына өрнекпен есептеледі:

$$M=QS-(Q-g)\times S_{\text{қал}} /100 \quad (1.4)$$

мұндағы: Q –дайындама салмағы, кг;

S –дайындама материалының құны 1 кг-ға, теңге; S=140 теңге

g –даян бұйымның салмағы, кг; g=20,8

S_{қал} – 1т қалдықтың құны, теңге; S_{қал}=20000 теңге

Дайындама салмағын есептеу:

$$Q_{\text{дай}} = g / K_{\text{п}} \quad (1.5)$$

G_{тет} –тетік салмағы; бұл бізге берілген: G_{тет}=20,8кг.

K_{пм} –материалды пайдалану коэффициенті, ірі сериялы және жаппай мол өндіріс үшін K_{пм} –мәні 0,75÷0,95 аралығында болады:

$$Q_{\text{дай}}=20,8 / 0,85=24,5\text{кг.}$$

Дайындама құны:

$$M=24,5\times 140-(24,5-20,8)\times 20000 /100=2690 \text{ теңге} \quad (1.6)$$

1.6 Бұйымды өңдеу операциясы кезіндегі технологиялық базаларды анықтау

Базаларды таңдау – кесу мен өңдеудің технологиялық процессін жобалаудың жауапты кезеңі. Базалар таңдау дайындама өңдеу маршрутының құрылысымен тығыз байланысты.

Дайындалатын детальдардың күрделілігіне байланысты базаны негіздеудің бірнеше жағдайлары белгілі: Дайындаманы пайдаланылмаған бетке неіздейді және бір қондырғыда (бір операцияда) оны толық өңдеуден өткізеді. Бұл жай автоматтарда, агрегатты станоктарда, сондай-ақ автоматты

линиялардың ережесіне тән. Дайындаманы өңделген ауыстырылмайтын беттерге операцияның негізгі бөлімін орындауды негіздейді. Бұл беттерді дайындауда дайындаманың өңделмеген бетеріне негіздеумен технологиялық процестің алғашқы операцияларында жасайды. Бұл жағдай өңдеуі біренеше қондырғыларда орындалатын неғұрлым күрделі бөлшектерге тән. Бұл жағдай алдыңғыға ұқсас, тек қана технологиялық процесінің соңғы кезеңінде қабылданған технологиялық базалар қайталанып өңделеді. Дайындаманы түрліше тізбектеліп ауысып отыратын өңделген беттерге негіздейді. Бұл жағдай ерекше талап қойылатын қойылатын бөлшектерді өңдеуде кездеседі.

Технологиялық базаларды таңдауда базаларды ауыстырмау принципін неғұрлым толық сақтауға тырысу керек. Бұл жағдайда базалық қателік нольге тең болады да өңдеу дәлдігі жоғарылайды.

Технологиялық базаны таңдау – дайындама мен бұйымның құрылымына байланысты. Қаралтым база үшін айналу денесінің сыртқы бетін, ал таза базандеушінің центрілеу ұясымен бүйір жағын аламыз.

1 – қаралтым база; 2 – таза база.

1.7 Механикалық өңдеу операциясы кезіндегі әдіпті есептеу

Машина жасау саласында беттің пішімін негізінен кесу операция арқылы жүргізіледі, Бұл әрекеттен кейін беттің кедір - бұдырлығы мен геометриялық параметрлері экономикалық тұрғыдан және дәлдігі жоғары. Дайындаманы берілген тетік параметріне жеткізу үшін кесу режимі кезінде жоңқаға айналатын метал қабатын қалдырамыз. Осы метал қабаты - әдіп аталынады. Және осы әдіп мөлшері мейлінше оптималды болған жөн. Механикалық өңдеу операцияларында әдіпті таңдау көбінесе анықтамаық кестелер мен МЕСТ - тің нұсқаулары негізінде тағайындалады; Осы алынған әдіп технологиялық процеске, өңдеу жағдайларын байланыспай, артық мәнге ие болады. Бұл өздігінен материал шығыны мен артық еңбек сыйымдылыққа әкеледі. Осы кемшілікті алға тартып біз, механикалық өңдеу кезінде В. М. Кован ұсынған әдіпті «есепті– аналитикалық әдіс» негізінде анықтадық. Бұл әдіс алдыңғы өңделген бет пен өңделіп жатқан беттің технологиялық факторларын анализдеу негізінде құрастырылған. Әдіптің мәні әдіпті құрайтын элементтерді дифференциалдап есептеу негізінде анықталады. Әдіп есептеудің есепті-аналитикалық тәсілі әдіп анықтауда әр технологиялық әрекеттің әдібін (аралық әдіп) және олардың қосындысы жалпы әдіпті табуға мүмкіндік береді.

Беттің өңдеу маршрутын анықтаймыз

Маршрут бойынша дәлдікті тағайындаймыз

Төмендегі формула бойынша әдіпті есептейміз:

$$2z_{i \min} = 2(R_{z_{i-1}} + T_{i-1} + \rho_{i-1}) \quad (1.7)$$

мұндағы: $R_{z_{i-1}}$ - алдыңғы әрекеттің кедір- бұдырлық профилінің биіктігі. h_{i-1} - алдыңғы әрекеттің беттің дефекті терендігі. T_{i-1} - алдыңғы әрекеттегі бет

орналасуының қосынды ауытқуы. (ρ_{i-1}) - жүргізіліп жатқан әрекеттегі дайындаманы орнату ауытқуы.

Дайындама операциясының R_z и T анықтаймыз [1 кесте, 180 бет, 1.]

Өңдеу маршруты бойынша R_z и T анықтаймыз [25 кесте, 188 бет, 1.]

Дайындама мен механикалық өңдеудің кеңістіктік ауытқуының қосындысын анықтаймыз [25 кесте, 188 бет, 1]

Дайындама үшін $R_z = 150 \text{ мкм}$; $T = 200 \text{ мкм}$;

1) Жону қаралтым $R_z = 50 \text{ мкм}$; $T = 50 \text{ мкм}$;

2) Жону қаралтым $R_z = 50 \text{ мкм}$; $T = 50 \text{ мкм}$;

3) Жону тазалай $R_z = 32 \text{ мкм}$; $T = 30 \text{ мкм}$;

Болат 40X МЕСТ 4543-71 M_1 – болат тобына жатады; қиындық дәрежесі – C_2

$$\rho_{\text{кор}} = \Delta_{\kappa} l = 1 \cdot 77 = 77 \text{ мкм} \quad (1.8)$$

$$\rho_{\text{см}} = \Delta_{\kappa} d = 1 \cdot 237 = 237 \text{ мкм} \quad (1.9)$$

$$\rho_{\theta} = \sqrt{\rho_{\text{кор}}^2 + \rho_{\text{см}}^2} = \sqrt{77^2 + 237^2} = 250 \text{ мкм} \quad (1.10)$$

Кеңістік ауытқулары:

$$\rho_1 = 0,06 \cdot 250 = 15 \text{ мкм}$$

$$\rho_2 = 0,04 \cdot 250 = 10 \text{ мкм}$$

Минималды әдіп мәндері:

$$2z_{i \min} = 2(R_{z_{i-1}} + T_{i-1} + \rho_{i-1}) \quad (1.11)$$

1) Қаралай: $2z_{i \min} = 2(150 + 200 + 250) = 1200 \text{ мкм}$

2) Қаралай: $2z_{i \min} = 2(50 + 50 + 15) = 230 \text{ мкм}$

3) Тазалай: $2z_{i \min} = 2(50 + 50 + 15) = 230 \text{ мкм}$

Есептелген өлшемі:

$$d_{p1} = 237 + 0,23 = 237,23 \text{ мм}$$

$$d_{p2} = 237,23 + 23 = 237,46 \text{ мм}$$

$$d_{p3} = 237,46 + 1,2 = 238,66 \text{ мм}$$

Ең үлкен шекті ауытқуларын есептеу:

$$d_{\max 4} = 237 + 0,12 = 237,12 \text{ мм}$$

$$d_{\max 3} = 237,23 + 0,4 = 237,63 \text{ мм}$$

$$d_{\max 2} = 237,5 + 0,4 = 237,9 \text{ мм}$$

$$d_{\max 1} = 238,7 + 3 = 241,7 \text{ мм}$$

$Z_{\max}^{np}; Z_{\min}^{np}$ мәндері:

$$Z_{\max 3}^{np} = 237,63 - 237,12 = 0,510 \text{ мм} = 510 \text{ мкм}$$

$$Z_{\max 2}^{np} = 237,9 - 237,5 = 0,4 \text{ мм} = 400 \text{ мкм}$$

$$Z_{\min 1}^{np} = 241,7 - 237,9 = 3,8 \text{ мм} = 3800 \text{ мкм}$$

$$Z_{\min 3}^{np} = 237,23 - 237 = 0,23 \text{ мм} = 230 \text{ мкм}$$

$$Z_{\min 2}^{np} = 237,5 - 237,23 = 0,27 \text{ мм} = 270 \text{ мкм}$$

$$Z_{\min 1}^{np} = 238,7 - 237,5 = 1,2 \text{ мм} = 1200 \text{ мкм}$$

Есептеулерді тексереміз:

$$Z_{\max 3}^{np} - Z_{\min 3}^{np} = 510 - 230 = 280 \text{ мкм}$$

$$\delta_2 - \delta_3 = 400 - 280 = 120 \text{ мкм}$$

$$Z_{\max 2}^{np} - Z_{\min 2}^{np} = 400 - 270 = 130 \text{ мкм}$$

$$\delta_1 - \delta_2 = 400 - 130 = 270 \text{ мкм}$$

1.8 Кесу режимі мен машиналық уақытты есептеу

Операция: №010 жону операциясының есебі. (эскиз бойынша қаралай жону) Ø30

Станок: жону станогы мод. 1А.

Шпинделдің айналым саны $n=10-1250$ айн/мин; беріс саны $S=0,06-1,0$ мм/айн; қуаты $N=15$ кВт; салмағы $m=5620$ кг

Қондырма : үш жұдырықшалы қысқы

Кесу құралы: Кескіш МЕСТ 18870-73.

Өлшеу құралы: ШЦ I-135 МЕСТ 169-88.

Кесу тереңдігін анықтау: $t=3$ мм, ол әдіп мәніне тең.

Берілісті анықтау.

Қаралай жону кезінде [Карта Т-2, 22-25 бет, 3.] бойынша кесу тереңдігіне байланысты алынады: $S=0,4$ мм/айн. аламыз.

Тұрақтылық периоды $T=90$ мин. [Карта-3, 26-27 бет, 3.]

Кесу жылдамдығын анықтау. [Карта Т-4, 29-34 бет, 3.] бойынша кесу тереңдігімен беріс санына байланысты аламыз: $V=30$ м/мин. Аламыз:

$$v = v_{маб} \cdot k_1 \cdot k_2 \cdot k_3 = 30 \cdot 0,65 \cdot 1 \cdot 1 = 19,5 \text{ м/мин.} \quad (1.12)$$

Шпиндельдің айналу санын анықтау:

$$n = \frac{1000v}{\pi D} = \frac{1000 \cdot 19,5}{3,14 \cdot 4} = 1552,5 \text{ айн/мин.} \quad (1.13)$$

Станок паспорты бойынша түзетеміз: $n = 1550$ айн/мин.
Нақты кесу жылдамдығын табамыз:

$$v_{\partial} = \frac{\pi \cdot D \cdot n}{1000} = \frac{3,14 \cdot 30 \cdot 1550}{1000} = 19,5 \text{ м/мин.} \quad (1.14)$$

Кесу күшін анықтау:

$$P_z = 10C_p t^x S^y v^n K_p = 10 \cdot 200 \cdot 2,8^1 \cdot 0,6^{0,75} \cdot 19,5 \cdot 0,6 = 44666 \text{ Н} \quad (1.15)$$

Кесу режиміне қажетті қуатты іздейміз:

$$N_e = \frac{P_z v}{1020 \cdot 60} = \frac{44666 \cdot 19,5}{1020 \cdot 60} = 14,2 \text{ кВт.} \quad (1.16)$$

Операцияның негізгі уақытын есептеу:

$$t_M = \frac{L_{p.x}}{n \cdot S} = \frac{85}{1550 \cdot 0,4} = 0,137 \text{ мин} \quad (1.17)$$

Операция: №010 жону операциясының есебі. (қаралай жону) Ø30

Станок: жону станогы мод. 1А832. Шпинделдің айналым саны $n=10-1250$ айн/мин; беріс саны $S=0,06-1,0$ мм/айн; қуаты $N=15$ кВт; салмағы $m=5620$ кг

Қондырма : төрт жұдырықшалы қысқы

Кесу құралы: Кескіш МЕСТ 18870-73.

Өлшеу құралы: ШЦ I-135 МЕСТ 169-88.

Кесу тереңдігін анықтау: $t=1,5$ мм, ол әдіп мәніне тең.

Берілісті анықтау.

Қаралай жону кезінде [Карта Т-2, 22-25 бет, 3.] бойынша кесу тереңдігіне байланысты алынады: $S=0,4$ мм/айн. аламыз.

Тұрақтылық периоды $T=90$ мин. [Карта-3, 26-27 бет, 3.]

Кесу жылдамдығын анықтау. [Карта Т-4, 29-34 бет, 3.] бойынша кесу тереңдігімен беріс санына байланысты аламыз: $V=30$ м/мин. Аламыз:

$$v = v_{\text{таб}} \cdot k_1 \cdot k_2 \cdot k_3 = 30 \cdot 0,65 \cdot 1 \cdot 1 = 19,5 \text{ м/мин.}$$

Шпиндельдің айналу санын анықтау:

$$n = \frac{1000v}{\pi D} = \frac{1000 \cdot 19,5}{3,14 \cdot 4} = 1552,5 \text{ айн/мин.}$$

Станок паспорты бойынша түзетеміз: $n = 1550$ айн/мин.

Нақты кесу жылдамдығын табамыз:

$$v_{\text{д}} = \frac{\pi \cdot D \cdot n}{1000} = \frac{3,14 \cdot 4 \cdot 1550}{1000} = 19,5 \text{ м/мин.}$$

Кесу күшін анықтау:

$$P_z = 10 C_p t^x S^y v^n K_p = 10 \cdot 200 \cdot 2,8^1 \cdot 0,6^{0,75} \cdot 19,5 \cdot 0,6 = 44666 \text{ Н}$$

Кесу режиміне қажетті қуатты іздейміз:

$$N_e = \frac{P_z v}{1020 \cdot 60} = \frac{44666 \cdot 19,5}{1020 \cdot 60} = 14,2 \text{ кВт.}$$

Операцияның негізгі уақытын есептеу:

$$t_M = \frac{L_{\text{р.х}}}{n \cdot S} = \frac{5}{1550 \cdot 0,4} = 0,137 \text{ мин}$$

Операция: №015 кеулей жону операциясының есебі. (тазалай)
Ø14Н8, L=9мм

Станок: жону станогы мод. 1А832.

Қондырма : төрт жұдырықшалы қысқы

Кесу құралы: Кескіш МЕСТ 18870-73.

Өлшеу құралы: ШЦ I-135 МЕСТ 169-88.

Кесу тереңдігін анықтау $t=1$ мм, ол әдіп мәніне тең.

Берілісті анықтау:

